

Таким образом изучение кадровых тенденции, анализ движения трудоустройства выпускников на рынке труда, мониторинг сведений о перспективной потребности в выпускниках организаций города Тараз и Жамбылской области, прогноз потребностей работодателей и соответственно целенаправленное планирование приема на первый курс по востребованным специальностям даст необходимый результат - конкурентоспособность и эффективное трудоустройство выпускников.

Список использованной литературы:

1. Постановление Правительства Республики Казахстан. Об утверждении Государственной программы развития образования и науки Республики Казахстан на 2020 - 2025 годы: утв.27 декабря 2019 года № 988.

2. Стецунов В.В. Трудоустройство выпускников системы профессионального образования в условиях кризиса: проблемы и перспективы//Вестник Адыгейского государственного университета. Серия 5. – 2011. - № 2.- С. 215-218.

3. Постановление Правительства Республики Казахстан. Программа "Молодежная практика". Центр занятости населения и социальных программ: утв. 13 ноября 2018 года, №746.

4. Рекомендации Департамента высшего и послевузовского образования по итогам совещания 4 октября 2019 г.- Нур-Султан, № 14-4/1520.

5.Амандосова Р.С., Жамирова У., Ассис П.С. Трудоустройство выпускников-ключевой показатель привлекательности и качества реализуемых образовательных программ в Таразском государственном университете имени М.Х. Дулати // *Международный научно-исследовательский журнал*, том 8. – 2019. – том 8. – С.67.

5. Касым-Жомарт Токаев "Конструктивный общественный диалог-основа стабильности и процветания Казахстана"Послание Главы государства народу Казахстана // *Казахстанская правда.* –2019. - № 169(29046).

6. Программа развития Таразского государственного университета им. М.Х.Дулатина 2020-2025 годы. – Тараз. 2019 год.

МРНТИ 14. 09.03

<https://doi.org/10.51889/2020-2.1728-5496.36>

Романов А. А.¹, Жампеисова К.К.²

¹Ресейдің жазалауды орындау Федералдық қызметінің құқық және басқару Академиясы
Мәскеу қ., Ресей

²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы қ., Қазақстан

А. П. НЕЧАЕВТЫҢ РЕСЕЙ МЕН ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІ: ТУҒАНЫНА 150 ЖЫЛ ТОЛУЫНА ОРАЙ

Аңдатпа

Мақалада ХХ ғасырдың басындағы эксперименталды педагогиканың қалыптасуының негізгі кезеңдері мен динамикасын сипаттайтын,Қазақстанға жіберілгенкөрнекті педагог, психолог, ғылым және білім қайраткері А.П. Нечаевтың өмір кезеңдері көрсетілген.Оның есімімен ғылыми зерттеудің заманына сәйкөптеген жаңашылдық әдістері, дифференциалдық психофизиологияның негізгі қағидаларын қалыптастырған синдромдық психологияны жетілдірудің басымдылығы байланысты.Бүгінгі күні тұлғаның рухани-адамгершілік дамуы мен зерттеудің тұтастығы туралы ғалымның өзекті идеялары белгіленген.

Түйін сөздер: А. П. Нечаев, тарихи сана, педагогикалық мұра, эксперименталдық педагогика, синдромдық психология.

Romanov A. A.¹, Zhampeissova K.K.²

¹Academy of the Federal Penitentiary Service of Russia
²Kazakh national pedagogical University named after Abai
Almaty, Kazakhstan

SCIENTIFIC AND PEDAGOGICAL ACTIVITY OF A. P. NECHAEV IN RUSSIA AND KAZAKHSTAN: ON THE 150TH ANNIVERSARY OF HIS BIRTH

Abstract

The article shows the stages of life of the outstanding teacher, psychologist, scientist and educator A.P.Nechaev, exiled to Kazakhstan. describing the main milestones and dynamics of the formation of experimental pedagogy in the early twentieth century. His name is associated with many innovative methods of scientific research for its time, the priority of the development of syndrome psychology, which laid the basic provisions of differential psychophysiology. The current ideas of the scientist about the integrity of the study and the spiritual and moral development of the individual are highlighted.

Keywords: A. P. Nechaev, historical consciousness, pedagogical heritage, experimental pedagogy, syndrome psychology.

Романов А. А.¹, Жампеисова К.К.²

¹Академия права и управления Федеральной службы исполнения наказаний России
г.Москва, Россия
²Казахский национальный педагогический университет имени Абая
г.Алматы, Республика Казахстан

НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ А.П. НЕЧАЕВА В РОССИИ И КАЗАХСТАНЕ: К 150 - ЛЕТИЮ СО ДНЯ РОЖДЕНИЯ

Аннотация

В статье показаны этапы жизни, выдающегося педагога, психолога, деятеля науки и образования А. П. Нечаева, сосланного в Казахстан. характеризующие основные вехи и динамику становления экспериментальной педагогики в начале XX века. С его именем связаны многие новаторские для своего времени методы научного исследования, приоритет разработки синдромной психологии, заложившей базовые положения дифференциальной психофизиологии. Выделены актуальные для сегодняшнего дня идеи ученого о целостности изучения и духовно-нравственном развитии личности.

Ключевые слова: А.П. Нечаев, историческое сознание, педагогическое наследие, экспериментальная педагогика, синдромная психология.

Педагогикалық идеялар тарихын зерттеу тек қазіргі заманғы тәрбие берудің тәжірибесі үшін ғана емес, сонымен қатар білім беру жүйесінің дамуын болжау үшін де маңызды. Бұл ерекше құрылым ретіндегі идея адамның шындықты ұғыну құралы болып табылады, ол әлеуметтік іс-әрекеттің нақты мақсаттарына және оны жүзеге асыру мүмкіндіктеріне сәйкес келеді [1,17 б.]. Педагогика тарихы осындай идеяларды көрнекті ғалымдардың мұрасынан іздестіруге мүмкіндік береді.

Педагогика және психология салаларының бұрыннан белгілі қайраткерлері туралы кез келген мақала, кез келген ғылымдағыдай, олардың ойлары мен көзқарастарының өзектілігі туралы, ғалымдардың еңбектерінде қойылған мәселелердің барлық спектрі бойынша бар көзқарастарды қайта бағалау мүмкіндігі мен қажеттілігі туралы мәселе қояды. Осының барлығы XX ғасырдың бірінші жартысында еңбек еткен А.П. Нечаевқа да қатысты, оның мұрасы зерттеу жұмыстары үшін қазіргі уақытта да өзекті және қызықты болып қала береді.

А. П. Нечаев көптеген көрнекті отандық ғалымдармен бірге қызмет жасаған, олардың ішінде: В. М. Бехтерев, В. П. Вахтеров, С. А. Венгеров, П. Ф. Каптерев, И. П. Павлов, Г. И. Челпанов. Ол Германия, Англия, Франция, Швейцария, Солтүстік және Оңтүстік Америка, Венгрия, Чехия, Греция және т. б. эксперименттік психология мен педагогиканың танымал өкілдерімен хат жазысқан. Ресейде ол эксперименттік педагогиканың танымал көшбасшысына айналды [2, 59-60 б.; 2].

XX ғасырдың басында педагогикалық ғылымды дамытудың негізгі векторлары адам проблемасына шоғырланды. Тұлғаны қалыптастыруға бағытталған ықпалдардың объективті заңдылықтарын, тәрбие мәселелерін шешу құралдарын табу, адам дамуының маңызды жақтарын анықтау талап етілді. Мектепте оқытудың нәтижелілігін тексеру және бала табиғатын зерттеу үшін педагогтар мен психологтар эксперимент әдісін белсенді қолдана бастады.

Баланы зерттеуге педология, психология, педагогика, гигиена, физиология, психиатрия салаларының әрекеттері бағытталды. Жаңа идеялармен біріккен және ғылыми қауымдастықты құраған әртүрлі бейіндегі ғалымдар қатары пайда бола бастаған (В. М. Бехтерев, А. Ф. Лазурский, Н. Н. Ланге, А. П. Нечаев, П. Ф. Каптерев, И. А. Сикорский, Г. И. Челпанов және т.б.). Ғылыми пәндерді біріктірудің және ынтымақтастықтың нәтижесінде эксперименталдық педагогика сияқты бағыт пайда болады, оның мақсаты бала туралы білімдерді біріктіруде құрылған педагогиканың ғылыми негіздерін ашу болды.

Атауы эмпирикалық білім алудың негізгі әдісін, жүйелі және жоспарлы түрде қолданылатын экспериментті көрсетті, бұл ғылымды дамытуда жаңа сапалық өсім берді. Жаңа педагогикалық кезең балалардың даму фактілері арнайы бақылаулар мен эксперименттердің көмегімен түсіндірілген зерттеулерді біріктірді, осылайша нәтижелердің статистикалық өңдеуі болжалды, бұл педагогиканы нақты ғылымдар қатарына шығаруы тиіс болды. Таңдалған термин маңызды, бірақ эксперименталды педагогиканың өкілдері үшін шартты болды, олар болашақта педагогика үшін оның алдындағы эксперименталды деген қосымшасы мәнін жоғалтатынын түсінді. Сондықтан эксперименталды педагогика ұғымы тарихи-педагогикалық дискурс аясындағы мамандардың санасында XX ғасырдың басына ғана тән ғылыми феноменнің анықтамасы ретінде сақталады [2, 62б.].

Алайда, мұнда педагогикалық бағыттардың өзін белгілеу шарттары туралы түсініктеме қажет. XX ғасырдың басында «эксперименталды педагогика» ұғымын көптеген ғалымдар «педагогикалық психология», «эксперименталды психология», «педология», «эксперименталды педагогикалық психология» ұғымдарының синонимі ретінде пайдаланған. А. П. Нечаевтың есімі психологиялық-педагогикалық әдебиетте берілген барлық анықтамаларға байланысты аталады.

А. П. Нечаев 1870 жылдың 24 қазанында (6 қараша) Петербургте дүниеге келген. Әкесі, Петр Иванович Нечаев, дворян, рухани семинарияның инспекторы болып жұмыс істеді. Александр Нечаев те семинарияға орналасты, тамаша орта білім алды, ежелгі мифологияны, дін тарихын, неміс, латын және грек тілдерін жақсы меңгерді, оларға кейін ағылшын және француз тілдері қосылды. Білім алуды жалғастыру үшін ол Петербург университетінің, психология бойынша курстар оқылатын тарих-филология факультетін тандайды (1890). Сонымен қатар жаратылыстану, физика-математика және заң факультеттерінің дәрістеріне де қатысады. Онда антропология және физика, анатомия және физиология курстарын да тыңдауға мүмкіндік болды. Екінші курста «Құқық және мемлекет туралы Спинозаның ілімі» тақырыбындағы ғылыми жұмысы үшін заң факультетінен күміс медаль алды. Екі жыл бойы «Герbart психологиясы» шығармасымен жұмыс жасады, оның «Психологияда математиканы қолдану мүмкіндігі мен қажеттілігі туралы», «Психология оқулығы», «Психология ғылым ретінде» атты үлкен еңбектен шыққан бірқатар тарауларды орыс тіліне аударды.

1894 жылы университетті бітіргеннен кейін А. П. Нечаев профессор атағын алуға дайындалу үшін университетте қалды, 1897 жылдың көктемінде университеттің приват-доценттерінің құрамына қабылданды, XIX ғасырдың бірінші жартысындағы неміс психологиясының тарихы бойынша өзінің алғашқы курсы оқи бастады. Бір жылдан кейін тарих-филология факультеті А. П. Нечаевты екі жылдан астам уақытқа созылған Германияның көне университеттеріне тағылымдамадан өтуге іссапарға жібереді.

А. П. Нечаевтың зерттеу іс-әрекеті мен алғашқы эксперименттері (1899) әр түрлі жастағы (10-нан 18 жасқа дейін) оқушылардың сөздер мен сандарды естерінде сақтау қабілеттерін зерттеуге бағытталды. Әр түрлі оқу орындарында өткізілген тәжірибелер тиісті өңдеуді талап ететін айтарлықтай материалды жинауға мүмкіндік берді. Жұмыстың нәтижелері А. П. Нечаевтың «Мектептегі оқыту мәселелеріне қатысты заманауи эксперименталды психология» (1901) кітабының негізін құрады, бұл эксперименталдық педагогика бойынша алғашқы монографиялық еңбек болды. Бұл еңбекте оқушылардың есте сақтау қабілеттері, зейіні, жұмысқа қабілеттілігі туралы бар зерттеулер сипатталды. Автор үшін ең бастысы мектеп оқушыларына білім берудің табыстылығына әсер ететін негізгі факторларын анықтау болды - жас ерекшеліктері, оқу күнінің ұзақтығы, түсіндіру шеберлігі, мектеп жаттығулары, жаттау.

Эксперименттік жұмыс халық мектептерінде, классикалық гимназияларда, нақты және коммерциялық училищелерде, кадет корпусында жүргізілді. Респонденттер ретінде түрлі білім беру мекемелерінің жүздеген оқушыларына дейін бір уақытта қатыса алады. А. П. Нечаевқа нақты табыс 1903 жылы келді, «Балалар әлемі» халықаралық көрмесінде балаларды зерттеуде қолданылатын психологиялық аппараттар, зертхана тәжірибелерінің нәтижелерін бейнелейтін диаграммалар, сонымен қатар ол екі алтын медальмен марапатталды[2, 84 б.].

Эксперименталдық педагогика, ең бастысы, жаңа идеяларды насихаттауға және бүкіл ел көлеміндегі эксперименталдық жұмыстарды үйлестіруге ықпал ететін бүкілресейлік съездерді ұйымдастыру арқылы қоғамдық танылды. Қазан айындағы оқиғаларға дейінгі кезеңде, әдебиетте психологиялық деп аталатын, 6 съез өткізілді. Олардың ішіндегі алғашқы екеуі педагогикалық психологияға арналған съездер, кейінгілері – эксперименталдық педагогика бойынша съездер деп аталды, соңғысы (эксперименталдық педагогика бойынша 4-ші съезде) кеңес кезеңіндегі педагогикалық және психологиялық анықтамаларда айтылмаған.

Эксперименталдық педагогиканың қолдаушылары, сабақтары 1908 жылдың күзінен басталған баланы жан-жақты ғылыми зерттеу және тәрбиелеу үрдісі туралы К. Д. Ушинскийдің ойларын жүзеге асыратын елдегі алғашқы Педагогикалық академияны ашты. Педагогикалық ой-өрісі кең, өз пәнін ғана емес, сонымен қатар тәрбиеленушілердің табиғатын түсінетін, тәрбие тарихын білетін мұғалімдерді кәсіби даярлау міндеті қойылды. Білім беру және ғылыми-зерттеу жұмысының интеграциясы Педагогикалық академияның мәнін құрады.

А.П. Нечаев академияның профессоры, содан кейін оның вице-президенті және президенті болды. 1917 жылы педагогикалық академия жұмысын тоқтатты. Алайда, жоғары оқу мекемесінің осы моделінің мәні оның өмір сүру фактісінің өзінде, қазан оқиғаларына дейінгі кезеңдегі инновациялық және оқу жұмысының тәжірибесінде болды.

1909 жылы А.П. Нечаевтың бастамасымен эксперименталдық педагогика Қоғамы құрылды, ол нақты жаратылыстану-ғылыми әдістердің көмегімен балалардың психофизиологиялық табиғатын, олардың дамуы мен тәрбиесінің жағдайларын жан-жақты зерттеу; қоғамда балалар табиғаты, тәрбиелеу мен оқытудың психологиялық негіздері туралы ғылыми ақпаратты тарату мақсатын қойды. Қоғамның құрметті мүшелігіне тәрбие берудің ғылыми негіздерін жетілдіруге ықпал еткен белгілі ресейлік және шетелдік ғалымдар сайланды (В. М. Бехтерев, П. Ф. Каптерев, Н. Н. Ланге, П. Ф. Лесгафт, А. Н. Макаров, Г. И. Россолимо, И. А. Сикорский, Г. И. Челпанов, И. П. Павлов, А. Бинэ, Э. Клапаред, В. А. Лай, Э. Мейман, С. Холл және т. б.) [2, 88 б.].

А. П. Нечаев психологиялық диагностикада қолданылатын арнайы аппаратура үлгілерінің авторы, ақыл-ой дамуының деңгейін зерттеудің бірқатар бірегей әдістерінің әзірлеушісі болды. Ол алғашқылардың бірі болып білім беру үрдістерін білім алушылардың психикалық даму ерекшеліктеріне сәйкес «құрастыру» туралы айта бастады. Бірлескен оқытудың және тұлғаның қобалжу мәселелерін зерттеуге болатын кездейсоқ ассоциациялар әдісін жасап қолданды. Оның зерттеулерінің нәтижелері Батыс елдерінің жетекші мамандарының эксперименттік жұмыстарының қорытындыларымен сәйкестендірілді.

1916 жылы А. П. Нечаев әріптестерімен интеллектті зерттеудің жаңа әдісі – «бірыңғай үрдіс әдісін» ұсынды, ол бір объектілердің көмегімен сыналушының санасында біртіндеп күрделенетін және өзара психологиялық байланысты үдерістерді тудыруға мүмкіндік береді. Бұл әдіс жеке оқушы және оқушылар тобы туралы түсінік қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Оқушылардың дамуы туралы ғылыми жұмыстарды эксперименталды педагогика қайраткерлері ХХ ғасырдың басындағы мектеп тәжірибесіне енгізуге ұмтылды. Сондықтан білім беру мазмұнын өзгерту, оқыту үрдісінің өзін ұйымдастыру, оқушылардың оқуға деген қарым-қатынастарын өзгерту жолдарын іздеу жұмыстары жүргізілді, олар білімді құрметтеуге, ғылымның құндылығын түсінуге, ақыл-ой еңбегін сүюге үйретуге тиіс болды. Бұл ретте тек білім беру мәселелерімен ғана шектелуге болмайды, тұлғаны дамытуда тәрбие де аса маңызды рөл атқарады.

А. П. Нечаевтың ғылыми көзқарастарында тәрбие беру адамгершілік құнды тұлғаның қалыптасуының жетекші факторы болып табылады. Тәрбиенің мақсаты адамгершілік, ар-ождан, үнемі өзін-өзі жетілдіруге ұмтылысты қалыптастыру болып табылады. А. П. Нечаев адам өмірін шынайы адами мән немесе адамгершілікпен толықтыратын басты діни негіздерді ар-ұят, эмоция, ақыл-ой атауларымен атады. Ар-ұят – бұл адамның өз адамгершілік борышын түсінуі, сонымен қатар адамдардың өз қылықтарында үнемі басшылыққа алатын тұстарды сезінуі.

А. П. Нечаевқа сәйкес адамның күнделікті өміріндегі адамгершілік қылықтарын бағалауда әртүрлі көзқарастар бар: діни, әлеуметтік, эстетикалық, логикалық. Олар үйлесімді бірлестік құруы немесе өзара қарама-қайшы келуі мүмкін. Ондай жағдайда белгілі бір адамгершілік таңдау жасау қажет.

Адамның өнегелілігі, А. П. Нечаев бойынша, діни сезімдерді қамтиды. Адамдардың Құдай туралы түсініктері әртүрлі, бірақ бұл ассоциациялар әрдайым өмірдің барлық мәнін анықтайтын ең биік бір нәрсемен байланысады. Осылайша, Құдай ұғымы діни адамға әлемді тұтас нәрсе ретінде ұғынуға көмектеседі және осы мағынада діни сезім, әлбетте, эстетикалық сезімге жақын болып келеді. Кез келген дін адамгершілік міндеттерді білдіретін бірқатар өсиеттерді қамтиды. Осылайша, «психологиялық қажеттілігі бар діни сенім діни ар-ожданды тудырады» [2, 96-97 б.].

Тәрбиемен қатар, тұлғаның қалыптасуында тұқым қуалаушылық пен қоршаған ортаның әсері де маңызды. Тұқым қуалаушылық тәрбиеге кедергі келтіруі мүмкін, бірақ педагогикалық жетістіктерге де әсер етуі ықтимал. А. П. Нечаев бойынша, тәрбиеленуші психикасының әлсіз жақтарын ғана емес, сонымен қатар күшті жақтарын да түсіну үшін бар күш-жігерді салу қажет. Балалардың рухани табиғатының күшті, адамгершілік жағынан дені сау жақтарында, ең алдымен, олардың бойындағы бар жақсыны нығайтып, тәрбиені жүргізген жөн. «Біздің тәрбиеленушілеріміздің бойындағы жаман нәрселерге қарсы күрес туралы ой емес, олардағы жақсы нәрселерге көмек көрсету туралы ой бірінші кезекте болсын»

Баланы тәрбиелеу үшін қолайлы орта құруға ерекше назар аудару керек. Педагогикалық әдеп пен тілектестік жағдайы оқушылардың назарын оқудан аударудың басты құралы болып табылатын балалар қорқынышының кез келген мүмкіндігін ығыстырып шығаруға тиіс. Өзінің мінез-құлқымен, мәнерімен педагог немесе мұқият жұмыс істеу үшін қолайлы жағдай тудырады немесе балаға жұмыс жасауға, қызығушылық танытуға мүмкіндік бермей, оқушыларды басады.

Эксперименталды педагогика қайраткерлерінің жетістігі – мұғалімдік қызметтің қоғамда ерекше, жоғары, бірегей рөл атқаруға арналған екенін ұғыну болды. Мұғалім белгілі бір, нақты белгіленген ережелерді ұстанбауы тиіс, ол өзі үшін ережелерді өзі белгілеуі қажет. Мұндай жағдайда ол басқа ақыл-ой және әлеуметтік деңгейге көтеріледі, бұл кезде ол мемлекет пен қоғам нұсқамаларының орындаушысы ғана емес, «өз іс-әрекетінің рухани негізін қалаушысы» болады [2, 98 б.].

1917 жылдың қазан төңкерісінен кейін марксистік ұстанымдарда психологияның қалыптасуымен байланысты барлық оқиғалар кешені, эксперименталдық педагогиканың үдемелі қозғалысының бағытын тұйыққа келтіріп, қызықты ғылыми феномен ретіндегі оның дамуын тоқтатты (педагогикалық академия мен тәжірибелі мектеп жабылды, эксперименталдық педагогика бойынша ресейлік қоғамының жұмысы үзілді).

1917 жылдың күзінде А. П. Нечаев Самар педагогикалық институтының директоры болып тағайындалды, университет құрумен айналысты және 1918 жылы аталған университеттің ректоры болды. 1921 жылдан бастап ол Мәскеудегі психоневрологиялық институттың психологиялық бөлімін басқарды, ал 1922 жылы сол институттың директоры болып жұмыс істеді. Сонымен қатар ол Мәскеу педологиялық институтының нақты мүшесі, Республиканың революциялық әскери кеңесінің жанындағы академиялық кеңестің психофизиологиялық секциясының мүшесі, жоғары педагогикалық курстарда ақаулы бала институтында (осы институттың профессоры) психологиядан сабақ берді.

Эксперименталдық педагогика өз мүмкіндіктерін толық жүзеге асыра алмай, ғылыми бағыт ретіндегі тіршілігін тоқтатты, бірақ ол балалар және педагогикалық психология, генетикалық психология, бала этнографиясы, дифференциалдық психология және дифференциалдық психофизиология үшін дамудың стратегиялық бағытын анықтап, негізін қалады, ал эксперимент педагогика мен психологияның ғылыми аппаратына берік кірді. Эксперименталды педагогиканың әлеуеті жаңа мектеп, ғылыми-педагогикалық орталықтар ашуға, психологиялық-педагогикалық мәселелердің ауқымды спектрін шешуге мүмкіндік берді. Эксперименталды педагогиканың жаңашыл теориялық және практикалық негіздерін нығайтудың үдемелі үрдісі ХХ ғасырдың басында білім беру мен тәрбиелеудің жаратылыстану-ғылыми, психология-педагогикалық мәселелерін жетілдіретін ғылыми-зерттеу мектептерін рәсімдеуге зор мүмкіндік берді.

1935 жылы А. П. Нечаев қамауға алынып, Семей қаласына (Қазақстан) жер аударылған, онда ол емдеудің физикалық әдістері атты облыстық институтының ғылыми жетекшісі, психиатриялық аурухананың, балалар амбулаториясының, жүйкесі зақымданған балаларға арналған шипажайдың кеңесшісі, санитарлық ағарту үйінің әдіскері және директоры, ал 1944 жылдан педагогика институтының психология профессоры және педагогика кафедрасының меңгерушісі болды.

Семей қаласында А. П. Нечаев адамдардың жеке айырмашылықтарын анықтауға бағытталған өз зерттеулерін жалғастырды, сол арқылы ол «синдромдық» психология деп аталған ғылыми бағытты құрды, ол кейіннен дифференциалды психология және дифференциалды психофизиология деген атаумен ғылымға енеді. Ғалымның басты қорытынды еңбегі «Психофизиологиялық синдромдар жүйесі» кітабы болды, оны жарыққа шығару үшін ол 1900 жылдан бастап 1940 жылға дейін жұмыс істеді. Сталиндік сыйлық алуға ұсынымда былай жазылған: «Бұл күрделі еңбек ғылымға құнды үлес болып табылады және психикалық құбылыстардың қабылданған жіктелмесінің негізін түбегейлі өзгертеді» [2, 111-112 б.].

1941 жылдың мамыр айында А. П. Нечаев аталған кітап бойынша Тбилиси физиологиялық және Мәскеу психологиялық институттарында баяндама жасады. Д. Н. Узнадзенің бағалауы бойынша, «мәселені шешуге соншалықты мүдделі болған біздің кеңестік психологияда әлі ешкім мұндай ауқымды және көп қырлы эксперименталды (және тек эксперименталды емес) материал берген жоқ». Мәскеу психология институтының директоры К.Н. Корнилов (19.06.1941) өзінің қорытындысын жасады: «бұл еңбекті психология бойынша педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация ретінде ұсынуға мүмкін деп санаймын». 1944 жылы КСРО ЖАКА.П. Нечаевты педагогика ғылымдарының докторы ретінде бекітті. 1946 жылы оның кандидатурасы РКФСР ПҒА нақты мүшелігіне ұсынылды (сайлау сол кезде өтпеді). Ол «1941-1945 жылдардағы ҰОС-ғы ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды» [2, 112 б.].

А. П. Нечаев адамның тұтас тұлғасының әртүрлі психикалық және физиологиялық үрдістері арасындағы байланыс мәселелерін шешудің жаңа тәсілдемелерін табуға тырысты, сол арқылы физиологиялық психологияның мәселелерін алға шығарды. Мұндай тәсіл болып «синдром» ұғымын психологияға көшіру саналды, ол белгілі бір сырқатты жағдайдың сипаттамалар жиынтығын білдіреді. Мұндай тасымалдың табиғи болуы психикалық өмірде үнемі түрлі синдромдар байқалуымен түсіндіріледі. Күрделі психикалық жағдайлар әрдайым бір-бірімен тығыз байланысты бірқатар белгілердің болуымен, яғни белгілі бір синдроммен сипатталады. Қорқыныш жай-күйіне үлкен иланушылық, зейіннің тарылуы, естің әлсіреуі, абдырап қалу тән; ашуланған жағдайда тез әрекеттерге ұмтылу, бөтен сенімдерге қарсы тұру, сананың шектелуі және т.б. байқалады. Психофизиологиялық синдром ұғымы жеке тұлғаны түсінудің алғашқы баспалдағы ретінде А. П. Нечаев кітабында тар патологиялық мәнге ғана емес, кең мағынаға ие.

А. П. Нечаев бойынша, синдромдық психофизиология тұрғысынан, белгілі бір негізгі синдромға кіретін физиологиялық базасы бар психикалық үрдістер тұлғаның биологиялық негізі ретінде қарастырылады. Бұл негіз, өзінің барлық салыстырмалы тұрақтылығына қарамастан, өзгерудің жалпы заңдарына бағынады. Өмірдің әр түрлі сәттерінде әртүрлі синдромдар басым болады, соның салдарынан бір тұлға әртүрлі уақытта қарама-қарсы психологиялық типтерге жатқызылуы мүмкін.

Нәтижесінде: «шамамен бірдей әлеуметтік-экономикалық жағдайларда өмір сүретін әртүрлі ұлт адамдарының психикалық өмірінде байқалатын айырмашылықтар, кейбір авторлар көрсеткендей, аса үлкен емес. Бұл ерекшеліктердің шамасы сол ұлттың шегінде байқалатын жеке айырмашылықтардан едәуір аз. Бұл ретте біз әртүрлі ұлт адамдарының психикалық өміріндегі айырмашылық, сол бір ұлт шегіндегі жеке айырмашылық сияқты, психиканы зерттеудің осы нысандары сыналушылардың әлеуметтік-экономикалық ортасының ерекшеліктерімен байланысты болған сайын соғұрлым көп болатынын көріп отырмыз. Адам есі мен зейінінің күші басқа адамдар тарапынан үнемі ынталандыруды талап ететін оның сөйлеуінің дамуына қарағанда, қоршаған ортаның әлеуметтік-экономикалық жағдайларына аса тәуелді емес. Арнайы жаттығулармен және дайын дағдыларды меңгерумен байланысты салыстыру, бағалау және есептеу үрдістерінің дамуы қоршаған ортаға көбірек тәуелді болып табылады. Адамдардың нәсілдік топтарында да, сол ұлттардың арасындағы жеке салыстыруда да байқалатын айырмашылық дәл осы ретпен өсуде. Өзгеше айтқанда, әр ұлттың адамдарында байқалатын психиканың айырмашылықтары, ең алдымен, олардың әлеуметтік-экономикалық ортасының әсер етуіне жатқызылуы тиіс [2, 120 б.].

А. П. Нечаевтың аты дифференциалдық психофизиология негізін қалаушылардың қатарында аталуы әділ.

А. П. Нечаев өмірінің соңғы жылдары пединститутта жұмыс істеп жүріп, «Отбасыларының жалпы мәдени деңгейімен байланысты мектеп жасына дейінгі қазақ балаларының психофизиологиялық ерекшеліктері», «Психологиялық құжат ретіндегі оқушы шығармасы», «Оқу-тәрбиелік жағынан қиын оқушыларды психофизиологиялық зерттеу» атты үш тақырып бойынша эксперименталдық жұмыс жоспарын белгіледі.

Баланың танымын эксперименталды зерттеу әрдайым қиын болды. А. П. Нечаевтың көптеген зерттеу әдістері де көп еңбекті қажет етті, бірақ олар тұлғаның сипаттамаларын анықтау үшін жарамды болды. Семей пединститутының психология кафедрасының доценті Л. М. Эйхман сегіз жыл бойы А. П. Нечаевтың тестілерінің тиімділігін тексерумен айналысқан.

А. П. Нечаев Қазақстанда ұзақ өмір сүрген жылдары жайлы былай деп жазған: «Қазақ жері маған ешқашан туған жерімдей болмайды, мүмкін ол осында көшкен кезімдесонша көргенқайғыға байланысты болар. Бірақ оның қабылдау, кез-келгенді әлпештеп, жылулықпен қарсы алу, оның қатал, бірақ шексіз махаббаты үшін сыздаған мұңмен бірге оны ерекше жақсы көремін» [2, 111 б.].

А. П. Нечаев ұмытылған жоқ. Оның 75 жылдығына орай құттықтау хатында ресми ғылым өкілдері (К. Корнилов, Н. Добрынин, А. Лурия, А. Смирнов және т.б.) атап өтті: «50 жыл ішінде сіз психология мен педагогика саласында үлкен жұмыс атқардыңыз. Сіз психологияның бірқатар мәселелерін, әсіресе балалар мен педагогикалық психология саласындағы зерттеулердің көшбасшысы болып табыласыз. Психиканы зерделеудің тәжірибелік әдістерін насихаттау, сондай-ақ ғылыми психология деректерін педагогикалық практикаға енгізу, осы психологияны өскелең ұрпақты тәрбиелеу және білім беру мақсатында пайдалану саласындағы сіздердің еңбектеріңіз зор. Сізге эксперименталды педагогика зертханасын құру идеясы тиесілі, Сіздің бастамаңыз бойынша педагогикалық психология мен эксперименталды педагогика бойынша бес съезд шақырылды. Петербургте педагогикалық Академияны құру, К. Д. Ушинский атындағы қоғамды ұйымдастыру талпыныстары және осындай бірқатар бастамалар Сізге тән. Сіздің жемісті ғылыми-қоғамдық қызметтеріңіз бізде де, шетелде де ортақ мойындалды» [2, 126 б.].

А. П. Нечаев 1948 жылы Семейде қайтыс болып, жерленді. Ол туралы естелік ұмытылған жоқ. А. П. Нечаевтың ғалым және отандық эксперименталды педагогиканың қайраткері ретіндегі есімі ХХ ғасырдың 90-шы жылдары қайтарылды. Алайда оның мұрасы жаңа зерттеушілерді күтеді, ол бізге адамның қалыптасуының құндылық негіздерін түсінуге көмектеседі, ғылымға шексіз қызмет етудің, өмірге деген сүйіспеншіліктің үлгісі болады. Оның еңбектерінде көрініс тапқан өмір кезеңі әлі де ұзаққа созылады, онда шығармашылық ізденістердің, болашаққа арналған жұмыстардың үлкен арақашықтығы сақталған.

Мұндай адамдар туралы ұмытпау керек. «Халықты оның тарихынан, өткенінен айыруға болмайды, - деген А. П. Нечаев. – Артта ешнәрсе қалдырмай, алға жүруге болмайды».

2002 жылы педагогикалық антропология бойынша халықаралық конференцияда академик А. В. Петровский отандық психологияның көрнекті қайраткерлерін атай келе, бірінші орынға А. П. Нечаевтың атын қойды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Педагогика и образование в зеркале исторической рефлексии: монография / под ред. Г. Б. Корнетова. – М.: АСОУ, 2015. – 384 с.*
2. *Романов А.А. Педагогические подвижники в переломные эпохи XX века. Избранные научные статьи и очерки. – Рязань: Издательство «Концепция», 2017. – 528 с.*